



# МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz\_jsc mmginfo mangistaumunaigaz

№02 (196), НАУРЫЗ, 2026

## 2025 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: БАСҚАРМАНЫҢ ӨНДІРІСТІК ҰЖЫМДАРМЕН ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУІ



**24–26 ақпан күндері Қоғам Басқармасының 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Қаламқасмұнайгаз», «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармаларының еңбек ұжымдарымен және Ақтау қаласындағы орталық аппарат қызметкерлерімен есептік кездесулері өтті.**

Есептік кездесулер барысында Қоғам Басқармасы мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары ұжымға негізгі өндірістік көрсеткіштер, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау саласындағы нәтижелер туралы ақпарат беріп, компанияның қаржылық-экономикалық қызметінің қорытындылары мен әлеуметтік-кадрлық саясаты жөнінде жан-жақты баяндады.

Жиын қорытындысы бойынша Бас директордың бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетов көтерілген мәселелер мен ұсыныстарды жан-жақты қарастырып, тиісті шаралар қабылдауды жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларына тапсырды.

Атап айтқанда, 2025 жылы өндірістік жарақат алу фактілері тіркелмегені айтылды. Сонымен қатар басшылар қоршаған ортаны қорғау бағытында атқарылып жатқан жұмыстар, кен орындарындағы мұнай қорының құрылымы мен жағдайы, компанияның кірістері мен шығыстары, қызметкерлер саны, әлеуметтік жобалар және өзге де мәселелер туралы мәлімет берді.

Кездесу соңында мұнайшылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, компания қызметінің түрлі бағыттары бойынша ұсыныстары мен пікірлерін білдірді.



## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

# АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ – ӨНЕГЕЛІ ДӘСТҮР

Қасиетті Рамазан айында Маңғыстаумұнайгаз АҚ аға буын әріптестерге арнап, тағылымды ауызашар кеш өткізді. 2026 жылдың 5 наурызында ұйымдастырылған бұл шара 2025 жылы зейнеткерлікке шыққан мұнайшыларға құрмет көрсетуге арналды. Кешке өндірісте ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, өңірдегі мұнай-газ саласының дамуына зор үлес қосқан ардагерлер, компания басшылығы мен қызметкерлер қатысты.

Кеш қонақтарды қарсы алудан басталды. Домбыраның қоңыр үнімен көмкерілген жылы жүздесу барысында ардагерлер бір-бірімен қауышып, өткен күндердің естеліктерін бөлісті. Мұнайлы өлкенің өркендеуіне тер төккен азаматтардың басын қосқан бұл жиын ерекше рухани атмосферамен ерекшеленді.

Салтанатты кештің ашылуында жүргізуші қасиетті Рамазан айында ардагерлерге құрмет көрсету – үлкен сауап әрі игі дәстүр екенін атап өтті. Шара барысында мұнайшылар еңбегіне арналған поэтикалық арнаулар оқылып, Маңғыстау жерінің байлығы мен ел дамуына қосқан үлесі ерекше аталып өтті.

Кештің рухани мазмұнын арттыру мақсатында сөз кезегі Бекет ата мешітінің наиб-имамы Байкенже Серікбайұлына берілді. Ол қасиетті Рамазан айының мәні мен маңызын түсіндіріп, ауызбіршілік, ізгілік және үлкенге құрмет көрсету туралы тағылымды уағыз айтты.

Ауызашар уақыты жеткенде жиналған қауым дұға жасап, қасиетті дастарханнан ауыз ашты. Бұл сәт кешке қатысушылардың жүрегіне ерекше жылулық сыйлап, рухани бірлік пен татулықтың белгісіндей әсер қалдырды.

Шара барысында компания басшылары ардагерлер мен 2025 жылы



зейнеткерлікке шыққан әріптестерге алғыс білдіріп, олардың мұнай өндірісіндегі қажырлы еңбегін жоғары бағалады. Құттықтау сөз сөйлеген Болат Сейтмағанбетов, Чжан Ицюнь және кәсіподақ ұйымының төрағасы Әсет Кенжеш аға буынға зор алғыстарын білдіріп, олардың еңбегі кейінгілерге үлгі екенін айтты.

Кеш барысында қонақтарға Қоғамның Алғыс хаттары табысталды. Бұл марапаттар олардың ұзақ жылғы адал еңбегіне көрсетілген құрметтің белгісі болды. Марапаттау рәсімі естелік суретке түсумен жалғасты.

Мерекелік кешке өнер адамдары да ерекше сән қосты. Мұрат Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясы өнерпаздары әсем әндер орындап, қазақтың дәстүрлі өнерін паш етті. Халық әндері мен күйлер орындалып, кеш қонақтарына көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Кештің әсерлі сәттерінің бірі – сөз кезегі ардагерлердің өздеріне берілген

тұс болды. Өндірістің талай белесін бірге өткерген ардагерлер жүректарды лебіздерін айтып, кейінгі буынға ақ баталарын берді. Олардың өмірлік тәжірибесі мен еңбек жолы жас мұнайшылар үшін үлкен өнеге екені анық.

Салтанатты шара барысында компания басшылары мен өндірістік басқарма жетекшілері де аға буын өкілдеріне ақ тілектерін жеткізіп, мұнай саласының дамуына қосқан үлестері үшін алғыс айтты.

Кеш соңында Құран оқылып, ас қайырылды. Жиналған қауым үлкендердің батасын алып, бір-біріне ізгі тілектерін білдірді.

Бұл ауызашар кеші – тек дастархан басындағы кездесу ғана емес, буындар сабақтастығын нығайтып, өткен еңбекті құрметтеудің жарқын көрінісіне айналды. Ардагерлерге деген құрмет – мұнайлы өңірдің берік дәстүрі. Ал сол дәстүрді жалғастыру – бүгінгі буынның абыройлы міндеті.



## ЦЕНТР УПРАВЛЕНИЯ МЕСТОРОЖДЕНИЕМ ВВЕДЕН В ЭКСПЛУАТАЦИЮ В ПУ «ЖЕТЫБАЙМУНАЙГАЗ»

**В производственном управлении внедрен Центр управления месторождением (ЦУМ), направленный на повышение эффективности добычи нефти за счёт цифровизации и централизации производственных данных.**

Ранее информация о работе скважин, групповых установок и других технологических объектов находилась в различных системах. Создание ЦУМ позволило объединить данные со всех ключевых производственных объектов в единую цифровую платформу и обеспечить диспетчерскому персоналу оперативный доступ к информации в режиме реального времени.

Основными задачами проекта стали создание единой системы сбора и анализа производственных данных, повышение оперативности управления технологическими процессами, а также формирование базы для дальнейшего внедрения аналитических инструментов и прогнозирования работы оборудования.


Сегодня Центр управления месторождением является важным элементом системы управления производством. Он позволяет в режиме реального времени контролировать работу производственных объектов и принимать более оперативные управленческие решения, направленные на повышение эффективности добычи нефти.

Особое внимание уделено созданию комфортных условий труда для диспетчерского персонала. В ЦУМ ЦИТС ПУ «Жетыбаймунайгаз» установлены современные специализированные промышленные эргономичные рабочие столы с электрической регулировкой

высоты, позволяющие операторам работать как сидя, так и стоя.

Также в рамках обновления инфраструктуры модернизированы бытовые помещения: обновлена кухня для приема пищи персоналом и полностью переоборудована раздевалка, где установлена новая мебель и современное освещение.

АО «Мангистаумунайгаз» и в дальнейшем планирует активно внедрять цифровые технологии, направленные на повышение эффективности добычи нефти и оптимизацию производственных процессов.



# ӘЙЕЛ – ҰЖЫМНЫҢ ЖҮРЕГІ, ҚОҒАМНЫҢ ТІРЕГІ

**6 наурызда «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының әйел қызметкерлеріне арналған «Мұнайлы өлкенің шуағы» атты мерекелік әрі тағылымды әйелдер форумы өтті. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында ұйымдастырылған бұл басқосу нәзік жандылардың қоғамдағы және өндірістегі рөлін айқындап, олардың еңбегін құрметтеуге, кәсіби және тұлғалық дамуына серпін беруге арналды.**



Мерекелік шараға компанияның түрлі өндірістік бөлімшелерінде еңбек етіп жүрген әйел қызметкерлер жиналып, салтанатты атмосферада өзара жүздесіп, тәжірибе алмасып, шабытқа толы сәттерді бірге өткізді.

Форумның ашылуы ерекше көңіл күй сыйлаған концерттік бағдарламамен басталды. Әсем әуен мен көркем би көрермендерді бірден мерекелік атмосфераға бөлеп, залда отырған әрбір жанның көңіліне шаттық сыйлады.

Одан кейін жүргізушінің жылы лебізі айтылып, әйел затының қоғамдағы орны мен маңызы туралы әсерлі ойлар ортаға салынды. Әйел – ана, әйел – жар, әйел – кәсіби маман ретінде өмірдің сан түрлі саласында белсенді еңбек етіп жүрген жандар екені атап өтілді.

Форумның ресми бөлігінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының м.а. Чжан Ицюнь мырза, Бас директордың бірінші орынбасары Сейтмағанбетов Болат Сүлейменұлы және компания қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымының төрағасы Әсет Кенжеш мырза сөз сөйлеп, компанияның дамуына үлес қосып жүрген әйел қызметкерлерді шын жүректен құттықтады.

Басшылар өз сөздерінде өндіріс саласында табанды еңбек етіп жүрген әйелдердің кәсіби шеберлігі мен жауапкершілігін ерекше атап өтіп, олардың компания өміріндегі орны айрықша екенін жеткізді. Сондай-ақ нәзік жандыларға денсаулық, отбасылық бақыт пен еңбекте толағай табыс тіледі.

Іс-шараның ең әсерлі сәттерінің бірі – марапаттау рәсімі болды. Компанияның дамуына елеулі үлес қосып, кәсіби біліктілігімен, адал еңбегімен ерекшеленген бірқатар әйел қызметкерлер арнайы марапаттарға ие болды. Бұл – олардың көп жылғы еңбегіне берілген лайықты құрмет еді. Әріптестерінің қошеметі мен жылы лебіздері марапат иелеріне ерекше қуаныш сыйлады.

Мерекелік бағдарламаның келесі бөлігі концерттік нөмірлермен жалғасып, қатысушылардың көңіл күйін одан әрі көтере түсті.

Одан кейін форум қонақтары бейресми жағдайда кофе-брейк барысында пікір алмасып, еркін әңгіме өрбітті.

Форумның негізгі мазмұнды бөлігінде танымал спикерлердің мотивациялық тренингтері ұйымдастырылды. Алғашқы сөз Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, театр және кино актрисасы Меруерт Қаратайқызы Өтекешоваға берілді. Өнер иесі өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, әйел адамның ішкі

күші, рухани байлығы, өз-өзіне деген сенім туралы әсерлі әңгіме өрбітті. Оның тағылымды ойлары қатысушыларға ерекше әсер қалдырды.

Ал форумның келесі бөлімінде журналист, документалист әрі қоғам қайраткері Әлия Әшім сөз алып, әйел көшбасшылығы, өзін-өзі дамыту, кәсіби ортада өз орнын табу мәселелері жөнінде ой қозғады. Ол қазіргі қоғамдағы әйелдердің белсенділігі мен мүмкіндіктері туралы айтып, қатысушыларды жаңа белестерге ұмтылуға шақырды.

Форум барысында айтылған ойлар мен тәжірибелік кеңестер қатысушыларға үлкен мотивация беріп, олардың кәсіби әрі тұлғалық дамуына жаңа серпін сыйлады.

Шара соңында қатысушылар спикерлермен бірге естелік суретке түсіп, жылы әсермен тарқасты.

Осындай мазмұнды әрі мерекелік атмосферада өткен «Мұнайлы өлкенің шуағы» атты әйелдер форумы әйел қызметкерлердің бір-бірімен жақын танысып, өзара қолдау білдіруіне, жаңа идеялар мен шабыт алуына мүмкіндік берді.

Бұл басқосу тағы бір мәрте әйел затының қоғамдағы орны ерекше екенін, олардың еңбегі әрдайым құрметке лайық екенін айқын көрсетті.

Нәзіктік пен қайсарлықты қатар алып жүрген «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының әйелдері алдағы уақытта да өз істерінде табысты болып, ұжымның дамуына сүбелі үлес қоса беретініне сенім мол.



## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

# ҚАЛАМҚАСТЫҚ МҰНАЙШЫЛАР ЕКІ ОТБАСЫҒА БАСПАНА СЫЙЛАДЫ

Қасиетті Рамазан айында Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылындағы Айдар Ишан ата руханият үйінде дәстүрлі ауызашар өтті. Биылғы шараны «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ кәсіподақ ұйымы ұйымдастырып, 1-ауысым мұнайшыларының қатысуымен өткізді.

Жиынға 250-ден астам адам жиналды. Ауызашар алдында қазақ қаламгері, «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының негізін қалаушы Санжар Керімбай көпшілікпен жүздесіп, ұлт ұстанымы – отбасы тәрбиесі, ұлттық құндылықтар мен рухани жаңғыру жайында тағылымды ой ербітті. Оның мазмұнды әңгімесі жиналған жұртты ойландырып, жүрекке жылу, санаға серпін сыйлады.

Береке мен қайырым қатар өрілген кеште игі бастама да жүзеге асты. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мұнайшыларының ауызбіршілігі мен азаматтық жанашырлығының арқасында Маңғыстау ауданы, Шетпе кентінде тұратын баспанаға мұқтаж екі отбасыға тұрғын үй табысталды. Ел игілігіне бағытталған бұл сауапты іс үшінші жыл қатарынан жалғасын тауып отыр.

Жиын барысында «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасының

басшысы Мақсат Нұрғабылов пен кәсіподақ комитетінің төрағасы Аманбек Сағындықов сөз алып, мұнайшылар арасындағы татулық пен әлеуметтік жауапкершіліктің мән-маңызын атап өтті.

Сондай-ақ, жиынға арнайы келген қонақтарға құрмет көрсетіліп, естелік сыйлықтар табысталды. Ал рухани тағылымға толы кездесу өткізген Санжар Керімбайға қазақы дәстүрмен шапан жабылып, ілтипат білдірілді.

Сондай-ақ, қасиетті айда жасалған сауап амалдарды қолдап, халықты бірлік пен ынтымаққа шақырып жүрген Ата ұрпағы Орынжан Әбдіжаппаровқа да мұнайшылар ризашылығын білдірді.

Берекелі дастархан басында айтылған ақ тілек пен ақ батамен аяқталған бұл кеш елдіктің, ынтымақ пен жанашырлықтың жарқын көрінісіндей әсер қалдырды.



## АМАЛДАҒЫ АҚЖОЛТАЙ ІС



**Амал мерекесі қарсаңында ел ішінде ерекше қарбалас.**

Жаңару мен жақсылықтың жаршысы болған мерекеге орай Жыңғылды ауылында Социалистік Еңбек Ері Нұрсейт Бейнеуовтің есімі берілген жаңа атшабар (ипподром) алаңының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл игі іс Маңғыстау облысы әкімінің бастамасымен жүзеге асырылып отыр. Ұлттық спортты ұлықтайтын нысан алдағы уақытта өңірдегі үлкен бәйгелер өтетін маңызды орындардың біріне айналмақ.

Құрылыс жұмыстарына өңірдегі мұнай компаниялары демеушілік танытып, жобаның басым бөлігін жүзеге асыруға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнайшылары белсенді түрде атсалысуда. Алаңдағы негізгі құрылыс кезеңдері – жерді тегістеу, жарыс жолын дайындау, қоршау орнату –

толық аяқталуға жақындап, нысан көркейіп келеді.

Алаңда арнайы техника үздіксіз жұмыс істеп, жүк көліктері мен тракторлар топырақ тасып, құрылысқа қажетті материалдарды жеткізуде. Мұнайшылардың ұйымшылдығы мен еңбекқорлығы арқасында атшабардың негізгі инфрақұрылымы толық қалпына келтіріліп, соңғы сатыға жақындап отыр.

Жаңа ипподром – ұлттық дәстүрімізді жаңғыртып, жастарды ат спортына баулитын маңызды нысан болмақ.

Амал мерекесі қарсаңында басталған бұл ақжолтай іс – ел бірлігі мен ортақ еңбектің жарқын көрінісі. Өңірдің әлеуметтік өміріне қолдау көрсетіп келе жатқан мұнайшылар қауымы ұлттық құндылықтарды дамытуға бұдан әрі де өз үлесін қоса бермек.



## ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН ЖЫЛУ

Қасиетті Рамазан айы – адам баласын мейірім мен қайырымдылыққа үндейтін ерекше кезең. Осындай игі дәстүр жалғасын тауып, 13 наурызда «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының кәсіподақ комитеті Жетібай ауылындағы Сүйінқара мешітінде компания жұмысшыларына ауызашар берді. Игі шараға мұнайшылармен бірге ауыл тұрғындары да қатысып, қасиетті айдың берекесін бірге бөлісті.

Ауызашар дастарханы тек рухани басқосу ғана емес, игі істердің де бастауына айналды. Шара барысында мұқтаж жандарға қайырымдылық көмек көрсетілді. I топтағы мүгедектігі бар Жетібайлық тұрғын - кішкентай Нұрлыханға арнайы ортопедиялық реабилитациялық коляска мен орто-

педиялық вертикализатор алынып берілді. Бұл құралдар баланың қозғалуына және оңалуына мүмкіндік беріп қана қоймай, оны күтіп-бағып отырған мүгедек анасының да тұрмысын жеңілдетуге сеп болары сөзсіз.

Осындай жанашырлық пен қолдауға ие болған отбасы Жетібай мұнайшыларына шынайы ризашылығын білдіріп, алғысын айтты. Олардың айтуынша, көрсетілген көмек күнделікті өмірде үлкен демеу болмақ.

Қайырымдылық – қоғамды біріктіретін, жүректерді жақындастыратын игі қасиет. Рамазан айында жасалған бұл игі іс Жетібай мұнайшыларының азаматтық жауапкершілігі мен адамгершілік құндылықтарын айқын көрсетті.



# «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ-да ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің бастамасымен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне арналған арнайы кеңес өтті.**

Кеңеске мемлекеттік органның басшысы Тоқтамыс Жұмағұлов, сондай-ақ компанияның басшылығы мен қызметкерлері қатысты. Іс-шара барысында Тоқтамыс Жұмағұлов сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

туралы заңнаманың негізгі қағидаларын, мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген тұлғалардың әдеп кодексінің талаптарын жан-жақты түсіндірді.

Атап айтқанда, қызметтік міндеттерді орындау барысында, көрсетілген қызмет немесе қамқорлық үшін, оның ішінде мереке күндеріне байланысты сыйлықтар беруге немесе қабылдауға заңмен қатаң тыйым салынатыны ерекше атап өтілді. Сонымен қатар, ол өз тәжірибесінен нақты мысалдар келтіріп, заң талаптарын сақтаудың маңыздылығын түсіндірді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне арналған бұл кеңес ашықтық, жауапкершілік және заңдылық қағидаттарын нығайту жолындағы маңызды қадам болды. Кездесу барысында қатысушылар адалдық қағидаттарына берік екенін білдіріп, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне мүлде төзбеушілік ұстанымын қолдайтындарын растады.



## ТӘУЕКЕЛДІ НЫСАНАҒА АЛУ

Осындай тақырыппен ағымдағы жылдың 17–18 ақпан күндері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне арналған корпоративтік оқу өтті.

Оны 20 жылдан астам тәжірибесі бар сарапшы, лектор Абзал Нарымбетов жүргізді. Ол Baker Hughes, ҚазМұнайГаз, Eni және TotalEnergies сияқты мұнайсервистік, ұлттық және халықаралық мұнай-газ компанияларында қызмет атқарған.

Спикер Франция мен Түркияда білім алған. Ол Швейцариядағы GBS бизнес мектебінің Іскерлік әкімшілендіру докторы (DBA) дәрежесіне ие және Society of Petroleum Evaluation Engineers (SPEE) халықаралық кәсіби ұйымының мұнай мен газ қорларын бағалау бойынша сертификатталған сарапшысы болып табылады.

Оқытудың алғашқы күні қатысушылар негізгі ұғымдарды қарастырып, тәуекелдің мәні және оның Қоғам қызметіндегі рөлі туралы басты сұрақтарға жауап алды. Одан әрі оқу барысында тәуекелдерді анықтау және ықтимал қауіптер мен мүмкіндіктерді жүйелеудің негізгі құралы болып табылатын тәуекелдер тізілімін қалыптастыру мәселелері қамтылды.

Жекелеген бөлімдер тәуекелдерді бағалау мен талдауға, әрекет ету стратегияларына, сондай-ақ мониторинг пен есептілікке арналды. Осылайша,

қатысушылар тәуекелдерді басқарудың толық циклін — анықтаудан бастап бақылау және ақпараттандыруға дейінгі барлық кезеңдерін кешенді түрде меңгерді.

Оқыту барысында практикалық жұмысқа ерекше назар аударылды. Қатысушылар командаларға бөлініп, әр команда өз қызмет бағыты бойынша өзекті тәуекелдерді анықтап, оларды талдап, әрекет ету бойынша ұсыныстар әзірледі. Қорытынды кезеңде анықталған тәуекелдер Қоғам басшылығы алдында қорғалды. Командалар өз жұмыстарын таныстырып, таңдаған тәсілдерін негіздеп, қойылған сұрақтарға жауап берді.

Лектордың мол халықаралық тәжірибесі мен практикалық сараптамасы қатысушыларға тәуекелдерді басқару мәселелерін нақты салалық кейстер мен әлемдік үздік тәжірибелер негізінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Практикаға бағытталған формат теориялық білімді бекітіп қана қоймай, қызметкерлердің тәуекелдерді басқару процестеріне белсенді қатысу деңгейін арттырды. Өткізілген оқыту «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да жетілген тәуекел мәдениетін қалыптастыру жолындағы маңызды қадам болды.

## ҰЖЫМ БІРЛІГІ – ҰЛЫ МҰРАТҚА БАСТАЙДЫ

18 ақпан 2026 жылы Ақтау қаласындағы Rixos Aktau қонақүйінде Маңғыстаумұнайгаз АҚ ұйымдастыруымен «Командалық жұмыс және кросс-функционалды өзара іс-қимыл» тақырыбында семинар өтті. Іс-шараның басты мақсаты – ұжым ішіндегі өзара ықпалдастықты нығайтып, командалық жауапкершілікті арттыру және бизнес-міндеттерді шешуге арналған заманауи практикалық құралдарды меңгеру.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, семинар құрылымдық бөлімдер арасындағы тиімді коммуникацияны қалыптастыруға, ортақ мақсатқа бағытталған жүйелі жұмысты жолға қоюға және компания қызметінің нәтижелілігін арттыруға бағытталған. Әсіресе өндірістік және әкімшілік бағыттағы бөлімшелердің өзара іс-қимылын күшейту – уақыт талабы.

Бағдарлама аясында қатысушылар біртұтас жұмыс контексін қалыптастыру, шектеулі ресурстар жағдайында тиімді жұмыс моделін құру, командалық рөлдерді айқындау және көшбасшылық қабілеттерді дамыту бағытында тәжірибелік тапсырмалар орындады. Сонымен қатар кросс-функционалды коммуникация барысында туындайтын кедергілер талданып, оларды жоюдың нақты тетіктері ұсынылды.

Семинар барысында халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылатын GROW және S.M.A.R.T. құралдары арқылы мақсат қою және оған қол жеткізу әдістері қарастырылды. Қатысушылар нақты бизнес-кейстер негізінде шешім қабылдау алгоритмдерін пысықтап, оларды күнделікті жұмыс процесіне енгізу жолдарын талқылады.

Іс-шара интерактивті форматта өтті. Қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, бірлескен жұмыстың тиімділігін арттыруға арналған практикалық әдістерді игерді. Командалық рухты нығайтуға бағытталған ойындар мен жаттығулар ұжым мүшелерінің өзара сенімін арттырып, ортақ жауапкершілік сезімін күшейте түсті.

Мамандардың пікірінше, мұндай форматтағы кездесулер корпоративтік мәдениетті дамытуға, бөлімшелер арасындағы серіктестікті бекемдеуге және компанияның стратегиялық мақсаттарына жүйелі түрде қол жеткізуге нақты серпін береді. Ұжым бірлігі мен үйлесімді әрекет – кез келген ірі өндірістік ұйымның табысты дамуының басты кепілі екені тағы бір мәрте айқындалды.



## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

# АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫСҚА ҚОСҚАН ҮЛЕС – ЛАЙЫҚТЫ БАҒАСЫН АЛДЫ



Жыл сайын 1 наурызда Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні атап өтіледі. Осы атаулы күнге орай 2 наурызда Ақтау қаласындағы Оқушылар сарайында салтанатты іс-шара өтті. 100-ге жуық адам қатысқан жиында Төтенше жағдайлар департаменті бастығының бірінші орынбасары Мирбек Қараев «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ «Азаматтық қорғаныс саласындағы үздік азаматтық қорғау құрылымы» номинациясы бойынша дипломмен және кубокпен марапаттады. Сонымен қатар азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін дамыту мен нығайтуға қосқан қомақты үлесі үшін компания қызметкерлеріне арнайы Алғыс хаттар табысталды.

Өлкемізде азаматтық қорғаныс саласын жетілдіруге атсалысып жүрген бірқатар ұйымдардың қатарында «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ үздік өндірістік компаниялар қатарынан орын алуы – сала

мамандарының абыройлы еңбегіне берілген лайықты баға деуге болады.

3–4 наурыз күндері «Жетібай-мұнайгаз» және «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармаларының қызметкерлері жыл бойы оқу-жаттығу жиындарына, командалық-штабтық және тактикалық арнайы оқу-жаттығуларға

белсенді қатысқаны үшін, сондай-ақ азаматтық қорғаныс саласына қосқан үлесі үшін төсбелгі-жаднамалармен марапатталды.

Шынында да, қоғам үшін адам өмірінен қымбат құндылық жоқ. Ал азаматтық қорғаныс – сол өмірді сақтауға бағытталған аса маңызды әрі жауапты жүйе. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жетілдіру кез келген төтенше жағдайдың алдын алуға және оның салдарын барынша азайтуға мүмкіндік береді. Компания өз тарапынан қызметкерлердің азаматтық қорғаныс саласындағы білімін жетілдіруге, кәсіби даярлығы мен тәжірибесін арттыруға тұрақты түрде көңіл бөліп келеді.

Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні секілді маңызды мерекелер адам қауіпсіздігі мен өмір құндылығы әрдайым басты назарда болуы тиіс екенін тағы бір мәрте еске салады.

## ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

«Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ-ның 2026 жылғы 12 ақпандағы №149-П бұйрығына сәйкес, эвакуацияға жауапты тұлғаларға өрт туындаған жағдайда адамдарды қауіпсіз және уақтылы эвакуациялауды ұйымдастыру тәртібі бойынша нұсқама өткізілді.

Нұсқаманың негізгі мақсаты – төтенше жағдай кезінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіптің алдын алу, дүрбелеңге жол бермеу және эвакуацияны жүйелі әрі ұйымдасқан түрде жүргізуді қамтамасыз ету. Өрт қауіпсіздігі – әрбір қызметкердің міндеті болғанымен, эвакуацияға жауапты тұлғалардың рөлі айрықша. Себебі дәл осы жауапты мамандардың жедел әрі сауатты әрекеті адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші мәнге ие.

Нұсқама барысында жауапты тұлғалардың негізгі міндеттері нақты айқындалды. Атап айтқанда, өрт анықталған немесе дабыл берілген сәттен бастап эвакуацияны ұйымдастыру, қызметкерлерді негізгі және қосалқы эвакуациялық шығу жолдары арқылы қауіпсіз аймаққа бағыттау, өздігінен қозғала алмайтын немесе көмекке мұқтаж адамдарға жәрдем көрсету, эвакуация кезінде тәртіпті сақтау және дүрбелеңнің алдын алу, сондай-ақ ғимаратта адамдардың қалмағанына көз жеткізу міндеттері түсіндірілді.

Сонымен қатар қатысушыларға эвакуациялық жолдар мен шығу



есіктері әрдайым ашық әрі бөгетсіз болуы тиіс екендігі, алғашқы өрт сөндіру құралдарының орналасу орындарын білу қажеттігі және автоматты өрт дабылы жүйесі іске қосылған жағдайда бекітілген әрекет алгоритмін қатаң сақтау керектігі ескертілді.

Мұндай нұсқамалар Қоғам объектілеріндегі өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі мәдениетін арттыруға, қызметкерлердің төтенше жағдайларға дайындық деңгейін күшейтуге бағытталған. Қауіпсіздік – тұрақты дамудың және сенімді өндірістің үдерістің кепілі.



**Қоғамның тірегі – адал еңбегімен ел дамуына үлес қосып жүрген қарапайым жандар. Солардың бірі – Сармысова Гүлнара Амантөреқызы. Ол 1965 жылы Түрікменстанда дүниеге келіп, небәрі сегіз айлық кезінде отбасы Маңғыстау өңіріндегі Жетібай ауылына қоныс аударады. Осы киелі мекен оның бүкіл саналы ғұмырының күесіне айналды.**

Мектеп қабырғасында жүріп-ақ үлкен арман жетегіне ерген Гүлнара Алматы қаласына барып, техникумда полиграфия мамандығы бойынша білім алады. Оқудан оралған ол 1984 жылы, небәрі 19 жасында, Жетібай-мұнайгаз өндірісінде мұнай айдау және өңдеу цехына оператор болып жұмысқа

## АДАЛ ЕҢБЕК – АБЫРОЙЛЫ ЗЕЙНЕТ

орналасады. Міне, сол сәттен бастап оның еңбек жолы мұнай саласымен тығыз байланысып, тұтас 42 жылға созылған мағыналы ғұмырға ұласты.

Гүлнара Амантөреқызы – тек өз ісінің маманы ғана емес, еңбекке деген төзімділік пен табандылықтың жарқын үлгісі. Қыстың қақаған аязы мен жаздың аптап ыстығына қарамастан, ер азаматтармен иық тірестіре еңбек етті. Ол бір цехқа қарайтын қазандық пен пеште ұзақ жылдар бойы табан аудармай қызмет атқарды. Бұл – үлкен жауапкершілік пен шыдамдылықты талап ететін ауыр еңбек. Өз ісіне деген адалдығы мен кәсіби біліктілігінің арқасында түрлі марапаттарға ие болды. Әріптестері мен басшылықтың құрметіне бөленіп бүгінде абыроймен зейнеткерлікке шығып отыр.

Өмірінің тек еңбекпен ғана емес, отбасы құндылықтарымен де өрілгені – оның шынайы бақытын айқындайды. 22 жасында шаңырақ көтеріп, өмірлік серігімен бірге үш бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде сол балаларынан немере сүйіп, ардақты әже атанып отыр.

Гүлнара Амантөреқызының өмір жолы – адал еңбектің, табандылықтың және қарапайымдылықтың үлгісі. Оның маңдай термен келген жетістігі – кейінгі ұрпаққа өнеге. Осындай еңбек адамдарының арқасында ел экономикасы дамып, қоғам ілгері жылжиды. Сондықтан да, Гүлнара сынды жандардың еңбегі әрдайым құрметке лайық.



## ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ ҚЫРЫҚ ЖЫЛ

Ел экономикасының дамуы мен өндіріс ошақтарының тұрақты жұмыс істеуі инфра-құрылымның сапасына тікелей байланысты. Осы жауапты салада ұзақ жылдар бойы аянбай еңбек етіп келе жатқан білікті мамандардың бірі – Нұрбосын Мұңалбай Шыныбайұлы.

Нұрбосын Шыныбайұлы Алматы жол құрылысы институтын 1986 жылы бітіріп, сол кезден бастап құрылыс саласында үздіксіз қызмет атқарып келеді.

Өз мамандығына деген адалдығы мен жауапкершілігі оны тәжірибелі инженер, мықты ұйымдастырушы ретінде қалыптастырды. 1993 жылдың ақпан айынан бастап «Маңғыстау-мұнайгаз» мекемесі Автожолдар басқармасында еңбек жолын жалғастырып, 2003 жылы «Oil Construction Company» ЖШС құрылғанға дейін жол шебері, жұмыс ұйымдастырушы, учаске бастығы қызметтерін атқарды.

Бұл жылдар оның кәсіби тұрғыда шыңдалып, өндірістің барлық қыр-сырын терең меңгеруіне үлкен мектеп болды. 2003 жылдан бастап ОСС мекемесінде аға жұмыс ұйымдастырушысы, учаске бастығы, жоба жетекшісі қызметтерін абыроймен атқарып келеді. Қаламқас кен орнында еңбек етіп жүргеніне биыл 33 жыл толып отыр. Осынша жыл бір кен орнында табанды еңбек ету жұмыскердің төзімділігі мен кәсібіне деген шынайы сүйіспеншілігін көрсетеді.

Нұрбосын Шыныбайұлының басшылығымен Қаламқас кен орнындағы маңызды инфра-құрылымдық жобалар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, 1993–2000 жылдары Қаламқас дамбасын



судан қорғау нысандарын күтіп ұстау, кен орны ішіндегі автомобиль жолдарын жөндеу және тұрақты пайдалану жағдайында ұстау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар жолдарға асфальт төсеу, өндірістік маңызы бар бұрғылау алаңдарын дайындау, шыны талшықты құбырлар жүргізілетін аумақтарға арнайы жол салу сияқты күрделі де жауапты жұмыстар атқарылды.

Нұрбосын Мұңалбайұлы өндірістік тәртіпті қатаң сақтай отырып, жұмысты сапалы ұйымдастыру, қауіпсіздік талаптарын сақтауды бірінші орынға қояды. Ол жас мамандарға үнемі бағыт-бағдар беріп, тәжірибесімен бөлісіп, ұжым ішінде сыйластық пен жауапкершілікте еңбек мәдениетін қалыптастыруға ерекше мән береді.


Көп жылғы маңдай тері, адал еңбегі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Нұрбосын Мұңалбай әріптестері арасында зор құрметке ие. Оны қарапайымдылық пен еңбек-қорлықты өмірлік ұстанымына айналдырып, ел игілігі үшін аянбай қызмет етіп келе жатқан нағыз еңбек адамы десек болады.

Осындай өз ісіне берік, тәжірибелі мамандардың еңбегі ел дамуына зор үлес қосары сөзсіз. Нұрбосын Мұңалбай Шыныбайұлының өмір жолы жас ұрпаққа үлгі болып қала бермек.

**Индира СӘТЕНБАЙ**  
«Oil Construction Company»  
ЖШС



## «МҰНАЙТЕЛЕКОМ» ЖАҢА БЕЛЕСКЕ ШЫҚТЫ



«Мұнайтелеком» компаниясы халықаралық API Spec Q2 стандарты бойынша сәйкестік аудитінен сәтті өтіп, алдағы үш жылға арналған сенім сертификатын иеленді. Бұл – мұнай-газ саласындағы сервистік қызметтердің сапасын басқару жүйесіне қойылатын жоғары талаптарға толық сай келетінін білдіреді.

Аталған стандарт әлемдегі мұнай-газ индустриясында сапаның маңызды көрсеткіштерінің бірі саналады. Сертификатқа ие болу компанияның өндірістік және сервистік процестерінің халықаралық талаптарға сәйкес ұйымдастырылғанын айғақтайды. Сонымен қатар бұл жетістік «Мұнайтелеком» үшін Батыс Қазақстан өңіріндегі күрделі жобаларға қатысуға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Компания бас директорының міндетін атқарушы Сәбит Қолғанатұлы Құлсариевтің айтуынша, бұл жетістік – ұжымның бірлескен еңбегінің нәтижесі.

– Бұл сертификат «Мұнайтелекомның» халықаралық үздік тәжірибелерге сай жұмыс істейтінін дәлелдейді. Біз отандық сервистің бәсекеге қабілетті әрі сенімді екенін көрсеттік. Бұл – бүкіл ұжымның ортақ жеңісі, – деді ол.

## РОЛЬ ПЕРИОДИЧЕСКОГО МЕДОСМОТРА В ОХРАНЕ ТРУДА НЕФТЯНИКОВ

Нефтяная промышленность - одна из самых сложных и опасных отраслей. Работники АО «Мангистаумұнайгаз» на месторождениях Каламқас и Жетыбай трудятся вахтовым методом под воздействием шума, вибрации, физических перегрузок, смесей углеводородов, сварочных аэрозолей, химических веществ, воздействию повышенной и пониженной температуры воздуха и т.д.

При несоблюдении техники безопасности и отказе от использования средств индивидуальной защиты (респираторы, перчатки, защитные очки и др.) длительное воздействие этих факторов может привести к профессиональным заболеваниям. Именно поэтому предварительные и периодические медицинские осмотры играют ключевую роль в сохранении здоровья и безопасности сотрудников.

**Что такое профилактический медицинский осмотр?**

Профилактический медицинский осмотр – это обязательный комплекс медицинских обследований.

Различают:

- Предварительный – проводится при первичном приеме на работу.
- Периодический – проводится ежегодно.

- Предсменный и послесменный – для контроля состояния здоровья перед и после работы.

Медосмотры направлены на раннее выявление заболеваний, оценку профпригодности и мониторинг состояния здоровья в условиях вредного производства.

Проведение медосмотров регламентируется законодательством Республики Казахстан, в том числе приказом и.о. Министерства РК от 15 октября 2020 года № КР ДСМ – 131/2020.

**Зачем нужен предварительный медосмотр?**

При первичном трудоустройстве медицинский осмотр необходим для оценки состояния здоровья кандидата

- выявление противопоказаний
- подтверждения возможности выполнять профессиональные обязанности без риска для себя и окружающих.

**Чем профилактический медосмотр отличается от обычного?**

Основное отличие – в целевой направленности и периодичности.

Профилактический осмотр проводится 1 раз в год и включает необходимый минимальный объем исследований с учетом вредных производственных факторов. Он

направлен на предупреждение заболеваний, снижение производственного травматизма, контроль состояния работников с хроническими заболеваниями, а также проведение вакцинации и диспансерного наблюдения.

К сожалению, некоторые работники скрывают жалобы и имеющиеся заболевания, опасаясь возможных ограничений к работе. Однако сокрытие информации может привести к ухудшению состояния здоровья и повышению риска тяжелых осложнений.

**Что нельзя делать перед прохождением медкомиссии?**

Чтобы результаты обследования были достоверными, необходимо соблюдать простые правила:

- Еда - не принимать пищу за 8-12 часов до сдачи анализа крови.
- Курение – воздержаться, особенно перед снятием ЭКГ.
- Алкоголь - полностью исключить за несколько дней до обследования.
- Сон и физические нагрузки - соблюдать режим, избегать перегрузок накануне обследования.

Регулярное прохождение медицинских осмотров – это вклад в собственное здоровье, профессиональное долголетие и безопасность на производстве.



Таким образом, профилактические медицинские осмотры – это не формальная обязанность, а важный механизм сохранения здоровья и трудоспособности работников нефтяной отрасли. В условиях постоянного воздействия вредных и опасных производственных факторов регулярный контроль состояния здоровья позволяет своевременно выявлять заболевания, предотвращать развитие осложнений и снижать риск профессиональной инвалидизации.

Важно понимать, что ответственность за сохранение здоровья лежит не только на медицинской службе и работодателе, но и на самом работнике. Открытость при прохождении медосмотра, соблюдение рекомендации врачей, использование средств индивидуальной защиты и строгое выполнение требований охраны труда – это основа личной безопасности.

**Байниязова Ф.И.**  
Врач – профпатолог  
ТОО «Neiron – Med» г. Актау

## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

# ӨМІР СЫЙЛАҒАН МҰНАЙШЫ

Өңірде мұнай саласы қызметкерлері арасында «Өмір сыйлаған мұнайшы» атты қайырымдылық донорлық акциясы ұйымдастырылды. Игі шара Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жариялаған «Өтеусіз қан донорлығы айы» аясында өтті. Бастаманың басты мақсаты – қоғамдағы өзара көмек пен азаматтық жауапкершілікті

нығайту, сондай-ақ өңірдегі қан қорын толықтыру.

Акцияға алғашқылардың бірі болып «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның орталық аппараты мен өндірістік басқарма қызметкерлері атсалысты. Алғашқы күннің өзінде ерікті түрде қан тапсырған жұмысшылар облыстың қан қорын толықтыруға үлес қосты. Қатысушылар қатарында тұрақты донорлармен бірге алғаш рет қан тапсырып отырған азаматтар да бар.

Медицина мамандарының айтуынша, бір донор тапсырған қан бірнеше науқастың өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Әсіресе шұғыл операция жасалатын және ауыр жағдайдағы пациенттер үшін донорлық қан аса қажет.

Акцияға қатысушылардың пікірінше, бұл – тек қайырымдылық шарасы ғана емес, қоғам



алдындағы азаматтық жауапкершіліктің айқын көрінісі. Рамазан айы қарсаңында ұйымдастырылған игі бастама аясында өңірдің қан қорын едәуір толықтыру жоспарланып отыр.

Өмірді сақтап қалу үшін әрдайым батыр болу шарт емес – донор болу жеткілікті. Бәлкім, дәл қазір сіздің қаныңызға мұқтаж жан бар шығар. Бейжай қалмай, әріптестерімізді игі іске атсалысуға шақырамыз!



ЖАС  
МАМАНДАР КЕҢЕСІ  
«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ

## КӘСІП ТАҢДАУҒА – НАҚТЫ ҚАДАМ

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылында орналасқан №4 орта мектептің 10–11 сынып оқушыларымен профориентациялық кездесу өтті.

Кездесуге «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Oil Service Company» ЖШС, «Мұнай көлік басқармасы» ЖШС компанияларында өндірісте еңбек етіп жүрген жас мамандар қатысты.

Кездесудің негізгі мақсаты – болашақ жас мамандарды тек мұнай-газ саласына ғана емес, сонымен қатар әлемдік деңгейде сұранысқа ие мамандықтарға бағыттау.

IT, логистика, инженерия, цифрлық технологиялар – бүгінгі күннің ғана емес, болашақтың да тренд бағыттары.

Оқушылар өндірістегі нақты тәжірибе, мамандық таңдаудағы жауапкершілік және кәсіби даму мүмкіндіктері туралы кеңінен мағлұмат алды.

Болашақ – білімді әрі батыл жастардың қолында!



## ОТКРЫВАЯ ТАЙНЫ НЕДР: ШКОЛЬНИКИ АКТАУ ПОСЕТИЛИ МЕСТОРОЖДЕНИЕ ЖЕТЫБАЙ

26 февраля учащиеся 11-го класса общеобразовательной школы №9 города Актау, посетили месторождения Жетыбай.



Знакомство с месторождением началось с прохождения обязательного инструктажа по технике безопасности, после чего ребят ждала насыщенная экскурсия в мир большой нефти.

Школьники посетили учебный полигон, а также несколько производственных участков месторождения, где воочию ознакомились с основными процессами нефтедобычи: узнали, как добывается «черное золото», как очищается и перерабатывается, куда транспортируется и многое другое. Специалисты производственного управления «Жетыбаймұнайгаз» в простой и доступной форме рассказали юным гостям обо всех нюансах добычи полезных ископаемых, о применяемых технике и



технологиях, работе оборудования. Нефтяники особо подчеркнули, что на любом этапе производства, очень важно бережно относиться к окружающей среде, неукоснительно соблюдать все экологические нормы и требования.

Большое впечатление на учащихся произвел Музей трудовой славы, открытый на месторождении Жетыбай в 2016 году. Здесь собраны уникальные экспонаты, документы и архивные фотографии, рассказывающие обо всех этапах становления нефтяной отрасли региона. Школьники, также посетили обелиск, установленный у скважины №6 в честь первооткрывателей Мангистауской нефти.

По итогам экскурсии, ребята тепло поблагодарили нефтяников за уникальную возможность увидеть процесс нефтедобычи изнутри, отметив, что знакомство с месторождением, позволило им получить новые знания и бесценный практический опыт.



<p><b>МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ</b> Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Редактор: Есназар Сұлтанов Редакция алқасы: - С. Галидуллин - Л. Жолдыбаева Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев</p>	<p>Мекен-жайымыз: 130000, Актау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 211-861 211-885, 212-194</p> <p>Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады</p>	<p>Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген</p>	<p>Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды</p>	<p>Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді. Индексі: 64265</p>	<p>«Атис» ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, «Дукат» ТҮ, 17 ш.а., 1 үй, 3 кеңсе тел: 8(7292)525 500</p>
---	---	--	--	---	--